

1997 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктөрді автомобильмен халықаралық тасымалдау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 4 қазандығы № 824 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 1997 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктөрді автомобильмен халықаралық тасымалдау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы макұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Көлік министрі Марат Кәрімжанұлы Қарабаевқа 1997 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктөрді автомобильмен халықаралық тасымалдау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

O. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 4 қазандығы
№ 824 қаулысымен
макұлданған
Жоба

1997 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктөрді автомобильмен халықаралық тасымалдау туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Уағдаласушы Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстан Үкіметі

1997 жылғы 27 ақпандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрікменстанның Үкіметі арасындағы Жолаушылар мен жүктөрді автомобильмен халықаралық тасымалдау туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) ережелерін негізге ала отырып,

Уағдаласуши Тараптар мемлекеттері арасындағы автомобиль қатынасын жүзеге асыру, сондай-ақ олардың аумақтары арқылы үшінші елдерге транзит үшін қолайлышағдайларды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Келісімге мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 5-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"5-бап

1. Уағдаласуши Тараптар мемлекеттерінің арасында (екіжақты) немесе олардың мемлекеттерінің аумақтары арқылы транзитпен, сондай-ақ үшінші елдерге/елдерден жүктерді тасымалдау рұқсатсыз негізде жүзеге асырылады және рұқсат алу талап етілмейді. Осы ереже осыған ұқсас бос тасымалдарға да қолданылады.

2. Уақытша (транзиттік) тіркеу нөмірлері бар автокөлік құралдарын межелі жерге айдалап апару кезінде де рұқсат талап етілмейді.;"

2) 6 және 8-баптар алып тасталсын;

3) 14-баптың 3 тармағы алып тасталсын;

4) 17-баптың 1-тармағы "жағдайда" деген сөзден кейін "мемлекетінің" деген сөзben толықтырылсын;

5) 20-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"20-бап

Осы Келісімнің ережелерін орындауға үәкілетті құзыретті органдар:

Қазақстан Республикасы тарапынан – Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі;

Түрікменстан тарапынан – Түрікменстан Министрлер Кабинеті жанындағы Көлік және коммуникация агенттігінің "Туркменавтоулаглары" агенттігі.

Уағдаласуши Тараптар тиісті құзыретті органдар атауларының кез келген өзгерісі туралы бірін-бірі хабардар ететін болады.;"

6) мынадай мазмұндағы "Келісімді өзгерту" деген 20-1-баппен толықтырылсын:

"20-1-бап

Уағдаласуши Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге жекелеген хаттамалармен ресімделетін және оның ажырамас бөліктегі болып табылатын, осы Келісімнің 21-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.".

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Уағдаласуши Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама дипломатиялық арналар арқылы алынған күннен бастап 30 (отыз) күн өткен соң күшіне енеді.

Осы Хаттама өз қолданысын Келісіммен бір мезгілде тоқтатады.

20__ жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, түрікмен және орыс тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Уағдаласуышы Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Түрікменстан Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК